

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ

5B030300 - Құқық қорғау қызметі

мамандығы бойынша

**«КРКК 2305 Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы
(жалпы бөлім)»
пәні бойынша**

ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Кредит көлемі 2

Астана, 2016

АЛҒЫ СӨЗ

- 1.** Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жоғары оқу орындарымен әзірленген және ұсынылған

- 2.** Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрінің 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 78 бұйрығымен бекітілген және қолданысқа енгізілген

- 3.** Алғаш енгізілген

- 4.** Үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» қауылысына және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 58 «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының үлгі оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес әзірленген.

Түсіндірме жазба

Қылмыстық құқық Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында оқытылатын кәсіптік пәндердің бірі болып табылады.

Қылмыстық құқықты оқыту қылмыстық заңның әлеуметтік - саяси және заңдық мағынасын, оны құрайтын нормалар мен институттардың өзара байланысын ашуды, оларды ғылыми талдау әдістерін меңгеруді болжайды. Қылмыстық құқықты оқу процесінде тыңдаушылар құқықтық жүйенің мазмұны мен даму тенденциялары жөніндегі білімін, құқықтың қоғамның әлеуметтік-экономикалық жаңалықтарды жүзеге асырудағы рөлі туралы, сондай-ақ қылмыстылықпен қылмыстық-құқықтық күрестің мүмкіндігі мен шегі туралы білімін тереңдетеді.

Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында қылмыстық құқықты оқыту құқық қорғау органдарына жүктелген міндеттерді тиімді орындау үшін қажетті терең теориялық білім беруді және осы негізде қалыптасқан мықты дағды мен біліктілікті тыңдаушы бойына қалыптастыруды мақсат етеді.

Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығының негізгі міндеттері болып жүйелі мазмұндау және қылмыстық құқық ғылымының қағидалары мен ережелері туралы теориялық білім беру, тыңдаушыларды қолданыстағы қылмыстық заңнамаларды дұрыс тұспалдауға, қылмыстарды саралауға, қылмыстық құқық нормаларын шебер түсіндіру және қолдануға үйрету табылады. Басты міндеті тыңдаушыларды қылмыстық заңға азаматтардың құқығы, бостандығы және заңды мүдделерін, сонымен бірге қоғам және мемлекет мүддесін қылмыстық қолсұғушылық әрекеттен қорғайтын бұлжымас құрал ретінде құрметпен қарауға тәрбиелейді.

Қылмыстық құқық курсының оқытудың маңызды жағы – жалпы теориялық, әсіресе, құқықтық және арнайы пәндер – қылмыстық іс жүргізу, қылмыстық-атқару, әкімшілік, азаматтық құқықтармен, криминалогиямен, криминалистика, жедел іздестіру қызметі және т.б. пәнаралық байланысты белсенді дамыту.

Қылмыстық құқық дәрістері әр жоғары оқу орнының өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып оқытылуы тиіс. Тыңдаушылармен жұмысты осы ерекшеліктерді ескере отырып, дөңгелек үстел, көкейкесті проблемалар туралы сөз жарыстыру, олимпиада, топтық жаттығу, рөлдік ойындар, қылмыстық істердің макетін талдау сияқты перспективалық семинар және тәжірибелік дәрістердің түрлерін енгізе отырып жасау керек. Тыңдаушыларды тәжірибелік оқытудың нәтижелі нысаны ретінде қылмыстық-құқықтық нормаларды қолдану дағдыларын қалыптастыру үшін кафедрааралық кешендік оқу ұсынылады.

Тыңдаушылардың жеке өзіндік сабақтары мен жеке жұмыстары бақылау тапсырмалары, өзекті теориялық мәселелердің мазмұнына шолу, жарияланған тергеулік тәжірибенің талдауы құқық қорғау органдарының тәжірибесін жинақтау, қылмыстық істердің макетін дайындау т.б. сынаудан өткізілген нысандар мен әдістерден құрылады.

ЭЕМ негізіндегі оқытылатын және бақылайтын бағдармалар ағымдағы дәріс процесінде және студенттердің жекелеген дәрістерінде, өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруда да пайдаланылу тиіс.

Осы бағдарламамен қылмыстық құқық курсының тақырыптарының мазмұны және оларды оқыту кезектілігі белгіленеді. Бағдарлама құқық қорғау органдарының қылмыстылықпен күрестегі өзекті міндеттерді шешуде қылмыстық заңнаманы жетілдіру тенденцияларын, елдегі қазіргі криминологиялық жағдайдың ерекшеліктерін ескере отырып құрылған. Курстың құрылымы, негізінен, қолданыстағы қылмыстық заңнамаға сәйкес келеді, сондай-ақ тақырыптар қылмыстық құқық ғылымының ережелерімен тығыз ұштасады, бірінші кезекте, жаңа теориялық нұсқаулар, қажетті кездерді қылмыстық құқықтық ойдың тарихы мен шетел заңнамасының тәжірибесі қолданылады.

Осы үлгілік оқу бағдарламасының негізінде жоғарғы оқу орындары өз мамандығына байланысты оқу жұмыс бағдарламаларын жасайды.

Пәннің мазмұны

Кіріспе

Қылмыстық құқық басқа құқық салаларынан пәні мен әдісі бойынша ерекшелінеді. Сонымен бірге өзінің әрекет ету саласына байланысты басқа құқық салаларымен де тығыз байланысты, ең алдымен - әкімшілік, қылмыстық іс жүргізу және қылмыстық атқару құқығымен.

Пәннің мазмұны 2014 жылғы 3 шілдеде қабылданып, 2015 жылдың 1 қаңтарында күшіне енген Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің жүйесін ескере отырып берілген.

Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің Жалпы және Ерекше бөлімдерге бөлетіндіктен, қылмыстық құқықта бұл бөлімдерге бөлінеді.

Жалпы бөлім өзіне қылмыстық құқықтың нормаларының жалпы қағидаларын, институттары мен ұғымдарын негізгі жағдайлары бекітіліп қылмыстық жауаптылық негізі мен шегін, қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатудың тәртібі мен шартын анықтайтын негізгі жағдайлары бекітіледі. Жалпы бөлімнің нормаларында қылмыстық құқықтың негізгі ұғымдары қылмыстық заңға, қылмысқа және жазаға қатысты маңызды сұрақтар реттеледі.

Қылмыстық құқықтың Ерекше бөлімі маңыздылығы жасалған қылмыстық іс- әрекет нақты қылмыстық құқықтық нормаға сәйкес сараланып, жасалған қылмыстар үшін жазаның нақты мөлшерімен түрлерін орнықтырады.

Қылмыстық құқықтың Жалпы және Ерекше бөлімі өзара тығыз байланысты және екеуі тек бірігіп қана қылмыстық-құқықтық нормалардың жүйесі ретінде, қылмыстық құқықты құрайды.

Тақырыптық жоспар

Тақырып 1. Қылмыстық құқық ұғымы, міндеті және жүйесі. Қылмыстық құқық ғылымы.

Тақырып 2. Қылмыстық заң

Тақырып 3. Қылмыстық құқық бұзушылық ұғымы

Тақырып 4. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамы. Қылмыстық жауаптылық және оның негізі

Тақырып 5. Қылмыстық құқық бұзушылық объектісі

Тақырып 6. Қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағы

Тақырып 7. Қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі

Тақырып 8. Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағы

Тақырып 9. Қасақана қылмыстық құқық бұзушылық жасау сатылары

Тақырып 10. Қылмыстық құқық бұзушылық қасыбайлас қатысу

Тақырып 11. Қылмыстық құқық бұзушылықтың көптілігі

Тақырып 12. Іс-әрекеттің қылмыстық құқыққа қайшылығын жоятын мән-жайлар

Тақырып 13. Жазаның ұғымы және мақсаттары. Жазаның жүйесі және түрлері

Тақырып 14. Жазаны тағайындау

Тақырып 15. Қылмыстық жауаптылықтан босату

Тақырып 16. Қылмыстық жазалаудан босату. Сотталғандықты жою мен алып тастау

Тақырып 17. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы

Тақырып 18. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары

Негізгі бөлім

1-тақырып. Қылмыстық құқықтың ұғымы, міндеті және жүйесі. Қылмыстық құқықтың ғылымы

Қылмыстық құқық - іс-әрекеттің жазаланушылығын, қылмыстылығын анықтайтын заң нормаларының жүйесі. Қылмыстық құқық - құқықтың жеке саласы ретінде. Қылмыстық құқықтың тарихи қалыптасуы, дүниежүзілік өркениеттің дамуы мен қылмыстық құқықтың жетілуі.

Қылмыстық құқықтың пәні және әдісі. Қылмыстық құқықтық реттеудің, пәнінің және әдісінің ерекшелігі және басқа құқық салаларының әдісі мен пәндерінен айырмашылығы.

Қылмыстық саясат - мемлекет саясатының бір бағыты. Қылмыстық саясаттың өзгермелілігі және тарихи негізділігі. Қылмыстық саясат және қылмыстық заң. Қылмыстық саясаттың қатаң түрде конституциялық заңнамамен және адамның құқықтары мен бостандықтары туралы Декларациямен сәйкес жүзеге асырылатындығы.

Қылмыстық құқық ғылымы. Қылмыстық құқық ғылымының пәні мен әдісі. Қылмыстық құқық пәні мен әдісінің қылмыстық құқық ғылымының пәні мен әдісі арасындағы қатынас. Қылмыстық құқық ғылымының әдістемесі. Қылмыстық құқық ғылымында әр түрлі тану әдістерінің қолданылуы: логикалық - заңдық, салыстырмалы құқық, статистикалық, нақты әлеуметтік т.б.

Қылмыстық құқық ғылымының міндеттері. Қылмыстық заңды дұрыс қолдану ұсыныстарын зерттеу үшін соттардың және құқық қорғау органдарының тәжірибелік қызметін зерттеу - қылмыстық құқық ғылымының міндеті.

Қылмыстық құқық ғылымының криминология мен әлеуметтану және әлеуметтік психологиямен, басқа қоғамдық және нақты ғылымдармен байланысы. Қылмыстық құқық ғылымының заңдарды жетілдіру, қылмыстық заңды дұрыс түсіну мен оның тиімділігін арттыру үшін рөлі.

Қылмыстық құқық курсының жүйесі. Шетелдердің қылмыстық құқығының жалпы бөлімінің негізгі сұрақтары. Қылмыстық құқық проблемалары бойынша оқу, басылымдық және монографиялық әдебиеттерге шолу жасау.

2-тақырып. Қылмыстық заң

Қылмыстық заң, қылмыс пен жаза қылмыстық құқықтың түсініктері. Қылмыстық құқық институттары мен нормаларының қорғау, алдын алушы және тәрбиелеуші ретіндегі рөлі. Қылмыстық заң нормалары тиімділігінің проблемалары.

Конституциялық заңдар және қылмыстық заңнаманың міндеті. Қылмыстық құқық міндеттерін анықтау үшін жалпы адамзат құндылықтары

мен олардың рөлі. Адамды, оның құқықтары мен мүдделерін қорғау қылмыстық құқықтың басты міндеті ретінде.

Басқа адамгершілік, ізгілік және саяси бастаулардың қылмыстық құқықтың міндеттерін қалыптастыру үшін маңызы. Қылмыстық құқықтың қағидаларының түсінігі. Қылмыстық құқық қағидаларының жүйесі, жалпы құқықтық қағидаларымен өзара байланысы және оның маңызы. Өркениет пен мәдениеттің алға басуы - қылмыстық құқық қағидаларының негізін қалыптастырушы бастама. Кей заңнамасының даму кезіндегі әр түрлі қылмыстық құқық қағидалары. Қазіргі заңдардағы қылмыстық құқық қағидалары және оның түрлері мен жалпы сипаттамасы. Қылмыстық құқық қағидаларының қылмыстық заңдарда және соттың және құқық қорғау органдарының салаларында жүзеге асырылуы.

Азаматтардың қылмыстық заң алдындағы теңдік қағидасы.

Қылмыс жасағаны үшін жеке жауаптылық қағидасы.

Қылмыс жасағаны үшін кінәлі жауаптылық қағидасы және жазаны заңға сәйкес сот үкімінен кейін қолдануы.

Бір рет жасаған қылмысы үшін екі рет жазаға тартпау қылмыстық қағидасы.

Қылмыстық, Қылмыстық-іс жүргізу, Қылмыстық-атқарушылық құқықтары - құқық жүйесіндегі жеке дара сала. Қылмыстық құқықтың басқа құқық салаларымен арақатынасы (әкімшілік, азаматтық және т.б.).

3-тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылықтың түсінігі

Қылмыстық құқық бұзушылықтың ұғымы және әлеуметтік мәні. Қылмыс деп танылатын қылық шеңберінің тарихи өзгермелі сипаттамасы.

Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасының жетілдірумен байланысты қоғамдық қауіпті әрекеттерді қылмыстандыру және қылмыссыздандыру. Қылмыстың формальды анықтамасы.

Қолданыстағы қылмыстық заңнамадағы қылмыстық құқық бұзушылықтың анықтамасы. Қылмыстық құқық бұзушылықтың белгілері және олардың мазмұны. Қылмыстық құқық бұзушылықтың басқа құқық бұзушылықтар мен қоғамға қарсы әрекеттерден айырмашылығы.

Қолданыстағы заңнамадағы қылмыстардың топтастырылуы, оның мінездемесі мен мәні. Қылмыс және қылмыстық теріс қылық.

4-тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамы. Қылмыстық жауаптылық және оның негіздері

Қылмыстық құқықтағы қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамының ұғымы. Қылмыстық құқық бұзушылық пен қылмыс құрамының ара қатынасы.

Қылмыстық құқық бұзушылық құрамы қылмыстық жауаптылық негізі ретінде.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамының элементтері мен белгілері.
Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының түрлері.

Қылмыстық заңды қолдану үшін қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілерін анықтаудың мәні.

Қылмыстық жауаптылық заңдылық жауаптылықтың түрі ретінде.
Қылмыстық жауаптылықтың мәні.

Қылмыстық құқық теориясындағы қылмыстық жауаптылық негізі.

Қылмыстық жауаптылық және қылмыстық-құқықтық қатынастар.
Қылмыстық-құқықтық қатынастардың субъектілері.

Қылмыстық жауаптылықтың туындауы және оның жүзеге асырылу нысандары. Қылмыстық жауаптылықтың аяқталуы. Қылмыстық жауаптылықтан босату. Қылмыстық жауаптылық, жаза және басқа да қылмыстық-құқықтық мәжбүрлеу шаралары.

5-тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылықтың объектісі. Қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағы

Қылмыстық құқықтағы қылмыстық құқық бұзушылықтың объектісінің ұғымы. Қылмыстық-құқықтық қорғау объектілері туралы қылмыстық заң.

Қылмыстық құқық бұзушылық объектісінің түрлері: жалпы, топтық (оның Қазақстан Республикасы ҚК Ерекше бөлімін жүйелеудегі маңыздылығы) және тікелей (оның қылмысты саралаудағы маңыздылығы)

Көп объектілі қылмыстық құқық бұзушылықтар. Негізгі, қосымша және факультативті объектілер.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың заты және оның қылмыс саралаудағы мәні. Қылмыстық құқық бұзушылықтың тікелей объектісі мен қылмыстық затының ара қатынасы

6-тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағы

Қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағының түсінігі және мәні. Қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағының белгілері.

Қоғамға қауіпті және құқыққа қарсы әрекеттер. Қылмыстық-жазаланушылық әрекет пен әрекетсіздіктің түсінігі. Бір күрделі қылмыстық іс-әрекеттің түсінігі және түрлері. Психикалық немесе күштеп мәжбүрлеудің тойтарылмас күшінің ұғымы және оның қылмыстық-құқықтық мәні.

Қылмыс зардабының ұғымы және түрлері. Материалдық, формальдық және қысқартылған құрамды қылмыстар. Қылмыс зардабының қылмыстық-құқықтық мәні.

Қоғамды қауіпті әрекет пен қылмыстың зардабының арасындағы себепті байланыс. Нақты және кездейсоқ себепті байланыс.

Қылмыстық құқық бұзушылық жасаудың әдісі, орны, уақыты, жағдайы, қаруы және құралы қылмыстың объективтік жағының факультативтік белгілері ретінде және олардың қылмыстық-құқықтық мәні.

7-тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъектісі

Қылмыстық құқықтағы қылмыстық құқық бұзушылықтың субъектісінің ұғымы және белгілері. Қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі және қылмыскердің тұлғасы. Қылмыскердің тұлғасының қылмыстық-құқықтық мәні.

Қылмыстық жауаптылық басталатын жас. Кәмелетке жасы толмағандармен жасалатын қылмыстардың ерекшеліктері.

Есі дұрыстық қылмыстық жауаптылықтың міндетті шарты ретінде. Есі дұрыс еместіктің ұғымы және оның өлшемі. Есінің дұрыстығы шектелген. Есінің дұрыстығы жоққа шығарылмайтын психикасы бұзылуының қылмыстық жауаптылыққа әсері. Мас күйінде қылмыс жасаудың қылмыстық жауаптылыққа әсері.

Арнайы субъектінің ұғымы. Арнайы субъектінің түрлері. Заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығының мәселелері.

8-тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағы

Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағының ұғымы және оның мәні. Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағының белгілері.

Кінә қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағының негізгі белгісі ретінде. Субъективтік айыптау қылмыстық жауаптылықтың алғы шарты ретінде. Кінәнің мазмұны және оның нысандары.

Қасақаналық және оның түрлері. Қасақаналықтың интеллектуалдық және еріктік мезеті. Тікелей және жанама қасақаналық. Қасақаналықтың басқа да түрлері: алдын ала ойластырылған және аяқ астынан туған; нақтыланған және нақтыланбаған; альтернативті.

Абайсыздық және оның түрлері. Қылмыстық менмендік. Оның жанама қасақаналықтан айырмашылығы. Қылмыстық немқұрайдылық және оның түрлері. Немқұрайдылықтың объективтік және субъективтік өлшемдері.

Оқиға (казус) жазықсыз зиян келтіру ретінде.

Кінәнің екі нысанымен жасалған қылмыстар үшін жауаптылық. Ниет және мақсат қылмыстың субъективтік жағының белгілері ретінде, олардың қылмыстық-құқықтық мәні.

Заңдылық және фактілік қателік, олардың кінәға, қылмыстық жауаптылыққа және қылмыстың саралануына әсері.

9-тақырып. Қасақана қылмыстық құқық бұзушылық жасау сатылары

Қасақана қылмыстық құқық бұзушылық жасау сатыларының ұғымы және түрлері. Қасақаналықты табудың ұғымы, оның жазаланушылығы.

Аяқталған қылмыстық құқық бұзушылықтың ұғымы. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының құрылысы және қылмыстық құқық бұзушылықтың аяқталуының мезеті.

Аяқталмаған қылмыс (алдын ала қылмыстық қызмет). Қылмысқа дайындалу және қылмысқа оқталу үшін қылмыстық жауаптылық негізі.

Қылмысқа дайындалу және оның белгілері. Дайындалудың қасақаналықты табудан айырмашылығы. Қылмысқа дайындалудың жазаланушылығының шектері.

Қылмысқа оқталудың ұғымы және белгілері. Оқталудың қылмысқа дайындалу мен аяқталған қылмыстан айырмашылығы. Оқталудың түрлері.

Қылмыс жасаудан өз еркімен бас тарту және оның белгілері. Өз еркімен бастардың шын өкінуден айырмашылығы. Келтірілген залалды өтеттіру, қылмысты ашу, алдын алу және ескерту үшін құқыққорғау органдарымен, оның ішінде кеден органдарымен өз еркімен бас тарту және шын өкіну туралы нормаларды қолдану.

10-тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысу

Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысу ұғымы. Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысудағы жасалған қылмыстардың жоғарғы қоғамдық қауіптілігі. Қылмысқа қатысудың объективтік және субъективтік белгілері.

Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысу нысандары, өлшемдері олардың топтастырылуы. Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысу нысандарының заңдылық мінездемесі.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың адамдар тобымен, алдын ала сөз байланысқан адамдар тобымен, ұйымдасқан топпен және қылмыстық сыбайластықпен (қылмыстық ұйыммен) жасалуы. Қылмысқа қатысу нысандарының қылмыстық-құқықтық мәні.

Қылмысқа қатысушылардың қылмыстық заң бойынша түрлері, олардың заңдылық мінездемесі. Орындаушының, ұйымдастырушының, азғырушының және көмектесушінің ұғымы. Нақты орындаушының ұғымы.

Қатысушылардың қылмыстық жауаптылығының негізі және шегі.

Қатысушылардың әрекеттерінің саралануы және олардың жауаптылықтары мен жазаларының жекешелендірілуі.

Орындаушының шектен шығушылығы. Арнайы субъектімен жасалған қылмыстарға қатысу. Болмай қалған қатысушылық үшін жауаптылық. Қылмысқа қатысушылардың өз еркімен бас тартушылықтың ерекшеліктері.

Қылмыстық құқық бұзушылыққа жанасу ұғымы, оның нысандары және қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысудан айырмашылығы. Қылмыс туралы хабарламау және қылмысты жасыру үшін қылмыстық жауаптылықтың шарты мен шегі.

11-тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылықтың көптілігі

Қылмыстық құқық бұзушылықтың көптілігінің ұғымы және белгілері. Қылмыстық құқық бұзушылықтың көптілігінің нысандары.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың бірнеше мәрте жасалуының ұғымы және белгілері. Қылмыстық құқық бұзушылық бірнеше мәрте жасалды деп танылғаның шарттары.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың жиынтығының ұғымы мен белгілері. Қылмыстық құқық бұзушылықтың жиынтығының түрлері. Қылмыстық құқық бұзушылықтың жиынтығының біркелкі күрделі қылмыстардан айырмашылығы.

Қылмыстың қайталануының ұғымы мен белгілері.

Қылмыстың қайталануының түрлері. Жалпы, арнайы және пенитенциарлы қайталану. Қауіпті және аса қауіпті қайталану, олардың құқықтық мінездемесі.

Қайталану қауіпті және аса қауіпті болып есептелуі мүмкін шарты. Қылмыстың көптілігінің қылмыстық-құқықтық салдары.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың бірнеше мәрте жасалуы, жиынтығы және қайталануы деп танудың өзіне тән құқықтық салдары.

12-тақырып. Іс-әрекеттің қылмыстық құқыққа қайшылығын жоятын мән-жайлар

Қылмыстық құқық бойынша іс-әрекеттің қылмыстық құқыққа қайшылығын жоятын мән-жайлардың ұғымы. Іс-әрекеттің қылмыстық құқыққа қайшылығын жоятын мән-жайлардың заңды табиғаты және түрлері.

Қажетті қорғану. Қажетті қорғанудың заңдылық шарттары. Жеке тұлға және құқықтық тәртіп үшін қажетті қорғанудың маңызы. Қажетті қорғанудағы шектен шығушылық. Жалған қорғану және оның құқылық зардабы.

Қол сұғушылық жасаған адамды ұстау кезінде зиян келтіру. Қол сұғушылық жасаған адамға зиян келтірудің заңдылық шарттары. Қол сұғушылық жасаған адамды ұстау кезінде шектен шығушылық үшін жауаптылық.

Аса қажеттілік. Аса қажеттілік кезінде зиян келтірудің заңдылық шарттары. Аса қажеттіліктің қажетті қорғанудан айырмашылығы.

Жедел-іздістіру шараларын жүзеге асыру. Орынды тәуекел етудің заңдылық шарттары. Тәуекел етуді орынды деп танымау.

Күштеп немесе психикалық мәжбүрлеу. Оның заңдылық шарттары. Оның аса қажеттіліктен айырмашылығы.

Бұйрықты немесе өкімді орындау. Оның заңдылық шарттары.

13-тақырып Жазаның ұғымы мен мақсаттары. Жазаның жүйесі мен түрлері

Қылмыстық жазаның ұғымы және түрлері. Қылмыстық құқық ғылымындағы жазалау теориясы. Жазаның тарихи өзгермелі сипаттамасы. Жазаның әкімшілік және тәртіптік сөгістерден, басқа да мемлекеттік және қоғамдық мәжбүр ету шараларынан айырмашылығы.

Қылмыстылықпен күресудегі мемлекеттік шаралар жүйесіндегі жазаның орны.

Жазаның мақсаты. Әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру. Сотталған адамды түзеу. Жаңа қылмыстар жасаудан сақтандыру. Жалпы және арнайы сақтандыру.

Жазаның тиімділігінің ұғымы. Жазаның арттыру және мақсатқа жетудегі құқыққорғау органдары мен рөлі.

Жазалар жүйесінің ұғымы мен мәні.

Қылмыстық заңнама тарихындағы жазалар жүйесі.

ҚР ҚК бойынша жазалар түрі. Негізгі және қосымша жазалар. Жазалаудың негізгі де, қосымша да түрлері ретінде қолданылатын жазалар. Қылмыстылықпен күресті жүзеге асырудағы жазалардың жеке түрлерінің рөлі және мәні.

Айыппұл қылмыстық жаза ретінде. Оны өндірудің тәртібі. Айыппұлдың өлшемі. Айыппұлды жазалардың басқа түрлерімен ауыстыру. Айыппұлды өтеуден әдейі жалтарудың салдары.

Түзеу жұмыстары. Бұл жаза түрінің мазмұны мерзімдері және мәні. Бас бостандығынан айырысыз түзеу жұмыстарынан жалтарудың салдары.

Қоғамдық жұмыстарға тарту. Оның ұғымы және мерзімдері. Қоғамдық жұмыстарға тарту жазасы тағайындалмайтын тұлғалар.

Қамау. Қамаудан ұстаудың мерзімдері. Қамау жаза ретінде қолданылмайтын тұлғалар.

Бас бостандығынан шектеу. Бас бостандығынан шектеудің мерзімдері. Бұл жаза түрін өтеуден әдейі жалтару үшін жауаптылық.

Бас бостандығынан айыру. Қылмыстық заңнама тарихындағы бас бостандығынан айыру. Бас бостандығынан айырудың мерзімдері. Бас бостандығынан айырудың бір бөлігін түрмеде өтеу. Түзеу колонияларының түрлері. Тәрбиелеу колониялары. Өлім жазасы.

Мүлікті тәркілеу және оның түрлері. Мүлікті тәркілеуді қолданудың шарттары. Тәркілеуге жатпайтын мүлік. Жаза ретіндегі мүлікті тәркілеудің арнайы тәркілеуден айырмашылығы.

Арнаулы, әскери немесе құрметті атақтан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктіліксыныбынан және мемлекеттік наградалардан айыру. Аталған жазаның айыпкерге қолданудың тәртібі мен шарттары.

Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру. Бұл жазаны тағайындаудың негіздері мен тәртібі. Жазаны өтеуден жалтарғаны үшін жауаптылық.

Шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу

14-тақырып. Жаза тағайындау

Жаза тағайындаудың жалпы басталуы. Жаза тағайындау үшін қылмыстық құқықтағы Жалпы бөлімнің нұсқауларының мәні. Жаза тағайындау кезінде Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімінің баптарының санкцияларын; жасалған қылмыстың қоғамдық қауіптілігінің дәрежесін және мінездемесін; Кінәлінің тұлғасын, оның ішінде оның қылмысқа дейінгі және кейінгі мінез-қылығын; қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларды; тағайындалған жазаның айыпкердің түзелуіне, отбасының өмірлік жағдайына ықпал етуін ескеру.

Қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар, олардың түрлері. Белгілі бір қылмыс үшін көзделген жазадан гөрі неғұрлым жеңіл жаза тағайындау.

Аяқталмаған қылмыс үшін жаза тағайындау. Қатысушылықпен жасалған қылмыс үшін жаза тағайындау. Қылмыстардың жиынтығы бойынша жаза тағайындау. Қылмыстардың қайталануы бойынша жаза тағайындау. Үкімдердің жиынтығы бойынша жаза тағайындау.

Мерзімдерді қосу кезінде оларды белгілеу тәртібі. Жаза мерзімдерін есептеу және жазаны есепке алу.

Шартты түрде соттау. Шартты түрде соттауды қолданудың негіздері мен шарттары. Түзелу мерзімі, оның ұзақтығы және мәні. Шартты түрде соттауды алып тастау немесе түзелу мерзімін созу.

15-тақырып. Қылмыстық жауаптылықтан босату

Қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату ұғымы мен мәні. Қылмыстық жауаптылықтан босатудың тиімділігі.

Қылмыстық жауаптылықтан босатудың негіздері мен тәртібі. Қылмыстық жауаптылықтан босатудың түрлері. Қылмыстық жауаптылықтан босатудың қылмыстық-құқықтық салдары.

Шынайы өкінуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату.

Қажетті қорғану шегінен асқан кезде қылмыстық жауаптылықтан босату.

Процестік келісімнің талаптары орындалған кезде қылмыстық жауаптылықтан босату.

Татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату.

Кепілгерлік белгіленуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату.

Жағдайдың өзгеруіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату.

Ескіру мерзімінің өтуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату. Ескеру мерзімінің өтуін тоқтату. Ескеру мерзімін қолдану.

16-тақырып. Жазадан босату. Сотталғандықты өтеу және алып тастау

Жазаны өтеуден босаудың ұғымы. Жазаны өтеуден босаудың негіздері мен түрлері және бұл институттың әлеуметтік-құқықтық мәні.

Жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты босату. Жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты босатудың негіздері және тәртібі.

Жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру. Бұл институттың жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты босатудан айырмашылығы.

Жүкті әйелдердің және жас балалары бар әйелдердің жазаны өтеуін кейінге қалдыру. Бұл жазаны өтеуден босаудың шарттары, мерзімдері және салдары.

Ауруға шалдығуына байланысты жазадан босату. Бұл босатудың түрлері.

Төтенше мән-жайлардың салдарынан жазадан босатумен жазаны өтеуді кейінге қалдыру.

Айыптау үкімнің ескіру мерзімі өтуіне байланысты жазаны өтеуден босату. Ескіру мерзімі, ескіру мерзімінің өтуін тоқтату және қайта жаңғырту. Өлім жазасына сотталған адамға қатысты ескіру мерзімін қолдану.

Рақымшылық немесе кешірім жасау актісі негізінде қылмыстық жауаптылық пен жазадан босату. Рақымшылық немесе кешірім жасау актілерінің заңды табиғаты мен мазмұны.

Сотталғандықты қылмыстық құқық институты ретінде. Сотталғандықты жою және алып тастау. Сотталғандықты мерзімінен бұрын алып тастау. Қылмыстық-құқықтық институты сотталғандықтың құқыққорғау органдары, оның ішінде кеден органдары қызметіндегі мәні.

17-тақырып. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы

18 жасқа толмаған, қылмыс жасаған тұлғалардың қылмыстық жауаптылығының жалпы сұрақтары.

Кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жазалар түрлері.

Кәмелетке толмағандарға жаза тағайындаудың ерекшеліктері.

18 жасқа толмаған тұлғаларды қылмыстық жауаптылық пен жазадан босату.

Кәмелетке толмағандарға қолданылатын тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шаралары. Бұл мәжбүрлеу шараларының қылмыстық жазадан айырмашылығы.

Кәмелетке толмағандармен қылмыс жасау кезіндегі соттылық.

18-тақырып. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары

Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларының ұғымы, қолдану мақсаты және құқықтық табиғаты. Бұл мәжбүрлеу шараларының қылмыстық жазадан айырмашылықтары.

Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолданудың негіздері.

Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларының түрлері. Емханалық мәжбүрлеп қадағалау және психиатрда емделу. Жалпы үлгідегі психиатриялық стационарда мәжбүрлеп емдеу, психиатриялық стационарлар түрлері.

Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын ұзарту, өзгерту және тоқтату.

Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолданғаннан кейін жаза тағайындау.

Жазаны атқарумен біріккен медициналық сипаттағы мәжбүрлеушаралары.

Тәжірибелік (семинарлық) сабақтартақырыптарының болжамды тізбесі:

Қылмыстық құқық ұғымы, міндеті және жүйесі. Қылмыстық құқық ғылымы.
Қылмыстық заң
Қылмыстық құқық бұзушылық ұғымы
Қылмыстық құқық бұзушылық құрамы. Қылмыстық жауаптылық және оның негізі
Қылмыстық құқық бұзушылық объектісі
Қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағы
Қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі
Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағы
Қасақана қылмыстық құқық бұзушылық жасау сатылары
Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысу
Қылмыстық құқық бұзушылықтың көптілігі
Іс-әрекеттің қылмыстық құқыққа қайшылығын жоятын мән-жайлар
Жазаның ұғымы және мақсаттары. Жазаның жүйесі және түрлері
Жазаны тағайындау
Қылмыстық жауаптылықтан босату
Қылмыстық жазалаудан босату. Сотталғандықты жою мен алып тастау
Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы
Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары

Курстық жоба мен жұмыстар тақырыптарының болжамды тізбесі

Қылмыстық құқық түсінігі, міндеті және жүйесі
Қылмыстық құқық ғылымы
Қылмыстық заң
Қылмыстық құқық бұзушылықтың түсінігі
Қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамы
Қылмыстық жауаптылық және оның негізі
Қылмыстық құқық бұзушылықтың объектісі
Қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағы
Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъектісі
Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағы
Қылмыстық құқық бұзушылық жасалу сатылары
Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысу
Қылмыстық құқық бұзушылықтың көптілігі
Әрекеттің қылмыстылығын жоятын мән жайлар
Жазаның түсінігі және мақсаты
Жазаның жүйесі және түрлері
Жаза тағайындау
Қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босатуы
Сотталғандықты жою және алып тастау
Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы

Медициналық мәжбүрлеу шаралары
Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі бойынша қажетті қорғану
Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі бойынша аса қажеттілік
Қол сұғушылық жасаған адамды ұстау кезінде зиян келтіру
Өлім жазасы ең қатаң жаза ретінде
Қосымша жазалар
Негізгі және қосымша ретінде қолданылатын жазалар
Жаза тағайындау негіздері
Қылмыстық жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар
Қылмыстық жауаптылықтан босатудың теориялық сұрақтары
Шын өкінуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату
Жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату
Қылмыстық жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімі
Жазаны өтеуден босатудың ұғымы және мәні
Жазаны өтеуден мерзімінен бұрын – шартты түрде босату
Айыптау үкімінің ескіру мерзімі
Рақымшылық немесе кешірім жасау актісі негізінде қылмыстық жауаптылық пен жазадан босату
Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы
Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары

Сабақтың басқа түрлері

1. Семинар –диспут
2. Семинар –конференция
3. Дөңгелек үстел
4. Іскерлік ойын
5. Реферат дайындығы
6. Баяндама дайындау
7. Коллоквиумы
8. Монография талқылау
9. Жарыстыру әдісі
10. Оқығалық талдау әдісі (Case - Studu)

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер

Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995 ж. қабылданған (өзгертулері мен толықтыруларымен).

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. 3 шілде 2014 ж – Алматы.

Қазақстан Республикасы Президентінің 30.11.2015 жылғы жолдауы „Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму“

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңы, 06 қаңтар 2012 жыл.

Қазақстан Республикасы ЖС «Қылмыстардың бірнеше рет және жиынтығын саралау туралы» нормативтік қаулысы, 25.12.2006 ж. ҚР ЖС Бюллетені, 2007 ж. № 5.

Қазақстан Республикасы ЖС «Соттардың қылмыстардың қайталануын саралау туралы» нормативтік қаулысы, 25.12.2007. ҚР ЖС Бюллетені, 2007 ж. № 12.

Қазақстан Республикасы ЖС «Қажетті қорғану туралы заңдарды қолдану туралы» нормативтік қаулысы, 11.05.2007. ҚР ЖС Бюллетені, 2007 ж. № 5.

Қазақстан Республикасы ЖС «Адам өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы» нормативтік қаулысы, 11.05.2007. (кейінгі өзг. мен толықтыр.). ҚР ЖС Бюллетені, 2007 ж. № 5.

ҚР Жоғары Сотының «Зорлау және өзгеде нәсіпқұмарлық сипаттағы күш қолдану әрекеттермен байланысты қылмыстарды саралаудың кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысы, 11 мамыр 2007. (кейінгі өзг. мен толықтыр.). ҚР ЖС Бюллетені, 2007 ж. № 5.

ҚР ЖС «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» нормативтік қаулысы, 11 шілде 2003 (19.12.2003. және 11.05.2007, 21.04.2011 ж. өзгертулермен толықт.) ҚР ЖС Бюллетені, 2003 ж. № 7.

ҚР ЖС «Қорқытып алушылық туралы істер бойынша сот практикасы туралы» нормативтік қаулысы, 23 маусым 2006. (21.04.2011 ж. өзгертулермен толықт.) ҚР ЖС Бюллетені, 2006 ж. № 6.

ҚР ЖС Пленумының «Есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды заңсыз дайындау қылмыстары бойынша заңдылықты қолдану туралы» қаулысы, 14.05.1998ж. (сонғы өзгертулермен толықт.) ҚР ЖС Бюллетені, 2007 ж. № 5.

Сот-медициналық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу тәртібі туралы нұсқаулық. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 20 мамырдағы N 368 Бұйрығы. ҚР ӘМ «РҚАО» РМК «Заң» МБ.

Уголовное право Республики Казахстан. Общая часть: Учебное пособие. – Караганда: Кар.ЮИ МВД РК им. Б.Бейсенова, 2002.

Уголовное право РК. Особенная часть. Т.1-2. //Под ред. И.Ш. Борчашвили, М.М. Оразалиева. - Караганда: Кар.ЮИ МВД РК им. Б.Бейсенова, 2002.

Уголовное право Республики Казахстан (Общая часть) Учебно-методическое пособие под ред. д.ю.н., профессора Борчашвили И.Ш., Сахарова В.Н., Караганда, КарЮИ МВД РК им. Б. Бейсенова, 2004.

Уголовное право Республики Казахстан. Общая часть: Курс лекций. //Под общ. ред. И.Ш.Борчашвили. – Алматы: Жеті жарғы. 2006. (на рус. и гос. языке)

Уголовное право Республики Казахстан. Особенная часть: Курс лекций. //Под общ. ред. И.Ш.Борчашвили. – Алматы: Жеті жарғы. 2006. (на рус. и гос. языке)

Ағыбаев А.Н., Баймурзин Г.И. Программа по уголовному праву. - Алматы, 1998.

Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Жалпы бөлімі. Оқулық. – Алматы: Жеті жарғы. 1998.

Борчашвили И.Ш., Рахимжанова Г.К., Курманбаев Б.М. Альбом схем по Общей части уголовного права (учебно-методическое пособие). – Караганда, 2000.

Джекебаев У.С. Основные принципы уголовного права РК. – Алматы. «Жеті жарғы», 2001.

Каиржанов Е.И. Уголовное право Республики Казахстан (Общая часть). Изд. 2-е. доп. - Алматы, 1998.

Құлжақаева Р.Б. Қылмыстық құқық пәні бойынша есептер жинағы. – Қарағанды, 1997.

Құлжақаева Р.Б., Құрманбаев Б.М. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің Жалпы бөлімі бойынша оқулық құрал. - Қарағанды, 2004.

Курс российского уголовного права. Общая часть. //Под ред. В.Н. Кудрявцева, А.В. Наумова. – М.: Спарк. 2001.

Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Жалпы бөлім. Оқулық. - Өнд. Толық., 4-басым.- Алматы: Жеті жарғы, 2007.

Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Ерекше бөлім. Оқулық. - Өнд. толық., 3-басылым.- Алматы: Жеті жарғы, 2007.

Бапанов Т.Ә. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы. Ерекше бөлім. Альбом үлгі. Алматы, Данеке, 2001.

ҚР Жоғарғы сотының Пленумының нормативтік қаулылары Жинағы. (1992 - 2010). - Алматы, 2010.

Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы. Жалпы бөлім: Дәрістер баяны / И.Ш.Борчашвилідің жалпы редакциясымен. Алматы: ЖШС «Издательство «Норма-К», 2006.

Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы. Ерекше бөлім: Дәрістер баяны / И.Ш. Борчашвилідің және Р.Б. Құлжақаеваның жалпы редакциялауымен. Алматы: ЖШС «Издательство «Норма-К», 2007.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсінік. Жауапты редактор С.М. Рахметов, Т.Ә. Бапанов. – Алматы: Норма-К., 2004.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы. Ерекше бөлім: Оқулық құрал. / И.Ш. Борчашвили және М.М. Оразалиев редакциясы бойынша. – Қарағанды: ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды заң институты. 2003.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсінік. Алматы, Норма-К, 2000.

Комментарий к Уголовному кодексу РК //Отв. ред.: д.ю.н., профессор Борчашвили И.Ш. - Алматы, "Жеті жарғы", 2007.

Наумов А.В. Қылмыстық куқығы. Жалпы бөлімі: Лекциялар курсы. – Астана: Фолиант. 2001.

Наумов А.В. Российское уголовное право. Общая часть. Курс лекций. – М.: Изд-во БЕК, 1996.

Онгарбаев Е.А. Словарь основных понятий и терминов Общей части уголовного права. – Караганда: ВШ ГСК РК. 1996.

Поленов Г.Ф. Уголовное право Республики Казахстан. Общая часть. Уч. пос. - Алматы: «Әділет Пресс», 1997.

Поленов Г.Ф. Общая часть уголовного права. (Альбом схем. Учебное пособие). - Алматы, 1998.

Инструкция по организации и производства судебно-медицинской экспертизы. //Приказ Министра здравоохранения РК № 386 от 20 мая 2010.

Сборник Постановлений Пленума Верховного Суда РК (1992 – 2012). - Алматы, 2012.

Таганцев Н.С. Российское уголовное право. Лекции в 2-х т. – М.: Наука. 1994.

Уголовный кодекс РК: проблемы и перспективы. Сборник научных трудов. Караганда, 1999.

Уголовное право Республики Казахстан. Общая часть. //Под ред. Рогова И.И., Баймурзина Г.И. - Алматы. Жеті жарғы, 1998. (2-е изд. испр. и доп. - Алматы. Жеті жарғы, 2003.)

Уголовное право Казахстана (Общая часть). Учебник для ВУЗов //Под ред. Рогова И.И., Рахметова С.М./ - Алматы. ТОО "Баспа", 1998.

Уголовное право Казахстана (Особенная часть). Ч. 1-2. //Под ред. И.Ш.Борчашвили., С.М.Рахметова. Алматы. 1999 – 2000.

Уголовное право Казахстана (Особенная часть). Учебник для ВУЗов // под ред. д.ю.н., профессора И.И. Рогова и к.ю.н., профессора С.М. Рахметова – Алматы, ТОО «Баспа», 2001.

Уголовное право. История юридической науки. - М., 1978.

Уголовное право России. Общая часть: Учебник //Отв. ред. д.ю.н., проф. Б.В. Здравомыслов. - М.: Юристъ, 1996.

Уголовный кодекс РК с постатейными материалами. //Составители: Рогов И.И., Рахметов С.М., Турецкий Н.Н. – Алматы. 2005.

Флетчер Дж., Наумов А.В. Основные концепции современного уголовного права. – М.: Юристъ. 1998.

Р.Б. Құлжақаева, Н.Жанхан - Қажетті қорғану оқулық курал - Қарағанды, 2014.

Р.Б. Құлжақаева, Д.А.Мергембаев Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің жалпы бөлімі бойынша оқулық курал. – Қарағанды, 2014.

Р.Б. Құлжақаева, С.Қ.Алтайбаев, Ө.А.Тұрғанов - Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы бойынша терминологиялық сөздігі – Қарағанды, 2014.

Қосымша әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. 17 қаңтар 2014 жыл.

2. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы 14.12.2012 жыл.

3. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 30.11.2015 жыл.

4. «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. 24.08. 2009 ж.

5. Қазақстан Республикасы Президентінің 30.11.2015 жылғы жолдауы „Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму“